



Автор: кибат тулеген Уразбаевич

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы

Тақырып: Көне түркі жазба ескертшіштері

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	8.1.1.1 - Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау 8.1.4.1 - Мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау.
Сабақ мақсаты:	Оқушылардың барлығы Мәтінді мәнерлеп оқуға, сұрақтар арқылы монолог құрастыра білуге, мазмұнын ауызша айта білуге, етістіктің өткен шақ түрін ажырата білуге үйренеді. Оқушылардың көпшілігі Көне түркі ескерткіштері арқылы оқушыларға қазақ халқының тарихын білуге және қадірлеуге дағдыланады Оқушылардың кейбірі Мәтін бойынша деңгейлік тапсырмаларды орындауды игереді

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақ басы (10 мин)	Қызығушылықты ояту үшін миға шабуыл. Мұғалім оқушыларды « шаттық шеңберіне » тұрғызады, өлең жолдарын оқиды: Бәрі жақсы баланың, Тілін алған ананың. Бәрі жақсы баланың, «Беске» оқыған сабағын Мұғалім оқушыларға өлең жолдарын қайталатады.(Топқа бөледі) Алдыңғы сабақтармен байланыстыра отырып үй тапсырмасын тексереді. Кемшіліктерді анықтайды, түзетеді, бағалайды. Оқу мақсатымен, тілдік мақсатпен танысады; Жетістік критерийлерін болжайды; Жетістік критерийлерімен танысады.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақ ортасы (20 мин)	1. Қазақ тіліндені -ып көсемшелі өткен шақ тұлғасын ретроспективті қарастырылу оның даму жолының мына мына тұрғыда өткендігін көрсетеді. Функциялық және семантикалық жағынан -мыш едіформасымен ұқсас бұл тұлға өнімді қолданылу сипатына ие болып, келе-келе қыпшақ, қарлұқ тобындағы тілдердің ерекшелігіне айналып кеткен.Көне түркі тілі – қазіргі түркі халықтарының түп негізі саналатын халықтартілі. Көне түркі тілінің кейбір материалдары топонимика мен ономастикатарихында, көршілес елдердің жылнама жазбаларында кездеседі. Бастымәліметтер көне түркі жазба ескерткіштері (V-VIII ғ.) мен көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде (V-XIII ғ.) сақталып қалған. Олар жеке тайпалық тілдер негізінде жасалған. Қазіргі түркі тілдерінің жетілу барысындағы белгілі бір кезеңді танытатын тарихи нұсқа Көне түркі тілінің грамматикалық құрылысы, фонетикалық жүйесі және оның негізгі сөздік қоры осы күнгі түркі тілдерінде түгелдей сақталған. Кейбір өзгешеліктері мынадай: 1) Грамматикалық ерекшеліктер: К. т. т. типол. жағынан жалғамалы топқа жатады, оның морфол. құрылысының негізі – аффиксация: түбір – жұрнақ жалғау. Түбір көбінесе бір буынды, кейде екі буынды болып келеді, аффикстік көрсеткіштер де осы іспеттес. Көне түркі тілінде тек (род) категориясы болмаған. Атау тұлғада тұрған сөздің көптеген мағынасы болған. жіктеу есімдіктері мен сілтеу есімдіктері – этимол. жағынан өзара төркіндес. Қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда, К. т. т-нде мынадай айырмашылықтар кездеседі: табыс септігінің -ғ/-г; -ығ/-іг жалғауы: сөз-сөздігі (сөзді), баш-башығ (басты); -ғару/-геру (ға-ру, ге-ру) табғачғару (табғачқа), -ңару/-ңеру, -ңару/-ңеру, -ңар/-ңер: аңар (оған), -йа/йе: курйа (кері, кері қарай); құралдық септіктің -ын/-ін, -ун/үн жалғауы: көлік-көлгүн (көлікпен). Қазіргі қазақ тіліндегі көрі, ілгері, сыртқары, шеткері, жазын, қысын, күзін сияқты сөздер К.т.т-нің кезінде қалыптасып кеткен реликті формаларда қолданылады. Өткен шақ, жекеше 2-жақ -тығ/-тіг: бардығ (бардық); ауыспалы келер шақ -тачы/-течі, -дачы/-дечі: болтачы (болады),өлтүртечі (өлтіреді), өткен шақ -тұқ/-түк, -дұқ/дүк: өтүндүк (өтінген), бардуқ (барған), есімше 1–2-жақ есімдіктерімен тіркесіп айтылады: болтачы сөн (боласың); көсемшенің өткен шағы -бан/-пан, -бен/-пен арқылы берілген: келібен (келіп), алыбан (алып); шартты рай -сар/-сер: келсер (келсе), бұйрық рай -ың/ің, уң/-үң (2-жақ көпше сыпайы түрде), -ғыл/-гіл (2-жақ көпше анайы түрі): барың (барыңыздар), барғыл (барыңдар), т.б. Ондық сан есімдердің жасалу жолдары ерекше түзілген: әуелі бірлік сандар, сонан соң ондық сандар айтылады: беш иігірмі (бес жиырма). 2) Синтаксистік ерекшеліктер, негізгі көрсеткіштері: матасудың 1-түрі (екі сыңарының да жалғаусыз келуі) өте жиі жұмсалады: түрк будун (түрік халқы), 2-түрі (бір сыңары жалғаулы болуы) біршама жиі (қаған інісі – ханның інісі), ал 3-түрі (екі сыңары да жалғаулы болып келуі) өте сирек ұшырасады, бұл нұсқа қазіргі қазақ тілінде жиі қолданылады. 3) Фонетикалық ерекшеліктер: жуан және жіңішке болып айтылатын 8 дауысты дыбыс қолданылған: а-е, о-ө, у-ү, ы-і, (и), 18 дауыссыз дыбыс болған. б, д, ж, з, г, ғ, к, қ, й, л, м, н, п, р, с, т, ч, ш,. Сөйлемнің 1-жартысында 8, қалған жартысында 6 не 7 дауыссыз дыбыстар қолданылған (сөз соңында о, ө дыбыстары кездеспеген, у, ү, өте сирек). Сөз басында 7 дауыссыз фонема (б, т, қ, ч, м, с, й), басқа позицияларда 18 дауыссыз дыбыс қолданылған. Кейбір ұяң дауыссыздардың (ғ, г, б, д) сөз соңында келуі әдеттегі құбылыс: сарығ (сары), кішіг (кіші), еб (үй), өд (уақыт). Сөздің басқа позициясында екі дауыссыз дыбыс қатар келмейді, бірақ басқа орындарда (түбір мен қосымшаның қосылған жерінде) кездесе береді, сөз соңында лт, рт, нт тіркестері жиі ұшырасады: алты (алды), олурты (отырды), анта (онда). Қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда ғ, г дыбыстарының ұ, й дыбыстарымен алмасуы не болмаса айтылмай түсіп қалуы, сол сияқты д/т/й заңдылығы жиі байқалады: оғры (ұры), оғул (ул/ұл), өгрет(үйрет), тағ (тау), адақ, аяқ (аяқ), т.б. К. т. т-нде кейбір дыбыстар өзара алмасып отыратын болған: с/ш: сад/шад (атақ, дәреже), м/б: мен/бен (мен), т/д: тегрі/дегірі (де, дейін), ч/ш: кічі/кіші (кісі), е/и: ел/ил (ел), н/й: анығ/айығ (сұм, зұлым), н/й: коң/қой (қой), т.б. Жергілікті тайпа тілдерінің әсерінен пайда болған мұндай фонет. құбылыстар сөздің қай позициясында болса да ұшыраса береді. Қазақ тілінің говорларында кездесетін осы іспеттес дыбыстардың өзара алмасып келуі К. т. т-нен қалған тарихи іздер болуы ықтимал. Мәтінмен жұмыс:Торптық жұмыс Мәтінді аудармасыз оқу. Негізгі айтылмақ ойды анықтау. Әр абзацтағы түйіндеуіш басты ойды білдіретін сөйлемдерді тауып оқу.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақ соңы (10 мин)	Рефлексия «ББҮ» кестесі Білемінбілгім келедіүйрендім Оқушылар өздеріне қиық қағазға жазылып үлестірілген одағайды қиып, үш топқа бөліп, тиісті қорапшаларға салады.	Шағын 3 қорапша Дидактикалық материал 4